

Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 137 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 2 маусымда тіркелді. Тіркеу N 2335. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 59 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.04.30 № 59 Қаулысымен.

Ескерту: Атауына, кіріспеге өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 298 қаулысымен .

Бағалы қағаздар рыногындағы инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында, сондай-ақ " Бағалы қағаздар рыногы туралы ", " Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы ", " Инвестициялық қорлар туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарына, Секьюритилендіру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

Ескерту: Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 15 сәуірдегі N 97 қаулысымен .

1. Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесі бекітілсін .

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 298 қаулысымен .

2. Бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар Бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесі күшіне енген күннен бастап үш ай ішінде өз қызметтерін оның талаптарына сәйкес келтірсін .

3. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға ж і б е р с і н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

5. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Инвестициялық портфельді басқару
жөніндегі қызметті жүзеге асыру
ережесін бекіту туралы"
2003 жылғы 21 сәуірдегі
N 137 қаулысымен
бекітілген

**Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі
қызметті жүзеге асыру
ЕРЕЖЕСІ**

Ескерту: Атауына, кіріспеге өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 298 қаулысымен .

Ескерту: Барлық мәтін бойынша "бағалы қағаздар портфелін", "бағалы қағаздар портфелінің" деген сөздер тиісінше "инвестициялық портфельді", "инвестициялық портфельдің" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 298 қаулысымен .

Ескерту. Барлық мәтін бойынша "қаржылық есепті", "қаржылық есептілікті", "қаржылық есептілігін", "қаржылық есептілігі" деген сөздер "кірістер мен шығындар туралы бухгалтерлік балансты және есепті", "кірістер мен шығындар туралы бухгалтерлік балансын және есебін", "кірістер мен шығындар туралы бухгалтерлік балансы және есебі" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.03.27. N 59 қаулысымен.

Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Инвестициялық қорлар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Секьюритилендіру туралы " Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру шарттарын және тәртібін белгілейді.

Ескерту: Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 15 сәуірдегі N 97 қаулысымен .

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) клиенттің активтері - инвестициялық портфельді басқарушының басқаруындағы қаржы рыногы активтерінің және өзге де мүліктің жиынтығы;
- 2) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі шарт - инвестициялық портфельді басқарушы мен оның клиенті арасындағы қатынастарды белгілейтін және клиенттің активтерін басқару шарттары мен тәртібін айқындайтын шарт;
- 3) инвестициялық декларация - клиенттің активтерін инвестициялау мақсатын, стратегиясын және шарттарын айқындайтын құжат;
- 4) инвестициялық шешім - инвестициялық портфельді басқарушының инвестициялық портфельді қалыптастыру (өзгерту) мақсатында осы клиенттің активтерімен немесе инвестициялық портфельді басқарушының меншікті активтерімен мәмілелер жасау туралы шешімі;
- 5) клиент - басқарушы компанияның қызметін пайдаланатын немесе пайдалануға ниет білдірген тұлға;
- 6) инвестициялық портфельді басқарушының есепке алу жүйесі - инвестициялық портфельді басқарушының клиенттердің инвестициялық шотындағы клиентті және оның активтерін, инвестициялық портфельдің құрылымын және белгілі бір уақытқа клиенттің активтерімен жасалған мәмілелерді бірегейлендіруді қамтамасыз ететін мәліметтердің жиынтығы;
- 7) инвестициялық портфель - бағалы қағаздар рыногы субъектісінің меншігіндегі немесе басқаруындағы әр түрлі қаржы құралдары түрлерінің не Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заңдарында белгіленген талаптарға сәйкес мүліктің жиынтығы;
- 8) ішкі құжаттар - инвестициялық портфельді басқарушының оның органдарының, құрылымдық бөлімшелерінің, қызметкерлерінің қызмет ету шарттары мен тәртібін, қызмет көрсетуді және оларға ақы төлеу тәртібін

реттейтін

құжаттар;

9) уәкілетті орган - қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік орган;

10) басқарушы агент - инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияның негізінде, бөлінген активтер бойынша арнайы қаржы компаниясының уақытша бос түсімдерді инвестициялау жөніндегі қызметін көрсететін бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы;

11) арнайы қаржы компаниясы - секьюритизацияның бір немесе бірнеше мәмілесін жүзеге асыру, сондай-ақ бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау үшін "Секьюритизация туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылатын заңды тұлға.

Ескерту: 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004.10.25 N 298 , 2006.04.15 N 97 , 2008.10.29 N 167 Қаулыларымен .

2. Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет (бұдан әрі - портфельді) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен лицензияланады.

3. Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті бағалы қағаздар рыногындағы басқа қызмет түрлерімен қоса атқару мүмкіндігі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Ескерту: 3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004.10.25 N 298 қаулысымен .

4. Портфельді басқару жөніндегі қызмет Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына, осы Ережеге және инвестициялық портфельді басқарушының (бұдан әрі – басқарушы) клиентпен жасаған инвестициялық портфельді басқару жөніндегі шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту: 4-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2008.10.29 N 167 Қаулысымен.

5. Клиентінің шотында клиенттің бағалы қағаздарын есепке алуды бағалы қағаздарды номиналды ұстау жөніндегі қызметті көрсететін бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы (бұдан әрі - номиналды ұстаушы) жүзеге асырады .

Клиентінің шотында клиенттің бағалы қағаздарынан басқа активтерді есепке алуды және сақтауды кастодиан жүзеге асырады.

Ескерту: 5-тармақ жана редакцияда жазылды, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы

нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 298 қаулысымен , 2006 жылғы 15 сәуірдегі N 97 қаулысымен .

5-1. 5-1. Басқарушы өз клиенттеріне тиесілі ақшаны есепке алу және сақтау үшін бағалы қағаздар рыногында кастодиандық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және келесі талаптардың біріне сәйкес келетін онымен аффилирленбеген банктерде банк шоттарын ашады:

"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша BB-"-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе "Moody's Investors Service", "Fitch" агенттіктерінің немесе олардың еншілес рейтингтік ұйымдарының (бұдан әрі – басқа рейтингтік агенттіктер) осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар;

Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізімінің "акциялар" секторының бірінші санатына енгізілген эмитент банктер болып табылады.

Ескерту: 5-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2008.10.29 N 167 Қаулысымен

5-2. Қазақстан Республикасының резиденті емес клиенттерінің шетелдік қаржы құралдарының және ақшасының есепке алуы мен сақталуы "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабы 1-тармағымен анықталған функцияларды жүзеге асыратын, Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "А-" санатынан төмен емес ұзақ мерзімді және/немесе қысқа мерзімді жеке рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетелдік есепке алу ұйымдарымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Ескерту: 5-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2007.03.30 N 69 (мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен, өзгерту енгізілді - 2008.10.29 N 167 Қаулысымен

6. Егер шартта өзгеше көзделмесе, басқарушы портфельді басқару жөніндегі қызметті басқа басқарушыға қайта сенім білдіруге құқылы емес.

2-тарау. Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі шарт

7. Инвестициялық портфельді басқару шарты (бұдан әрі - шарт) жазбаша нысанда жасалады .

Шартқа тиісінше Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген мүлікті сенімді басқару туралы нормалар қолданылады.

7-1. Басқарушы акционерлік инвестициялық қормен немесе инвестициялық пай қорының инвесторымен жасалатын инвестициялық қордың активтерін сенімгерлік басқару шартын жасау тәртібі, оның нысаны мен мазмұны Азаматтық кодекспен және "Инвестициялық қорлар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленеді.

Ескерту: 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 298 қаулысымен .

8 . Ш а р т т а :

- 1) тараптардың құқықтары мен міндеттері;
- 2) шарттың қолданылу мерзімі;
- 3) пайда алушы немесе шарт бұзылған жағдайда клиенттің активтерін алатын т ұ л ғ а т у р а л ы н ұ с қ а у ;
- 4) клиент активтерінің ағымдағы құнын және инвестициялық портфельдің құрылымын айқындау тәртібі және кезеңділігі;
- 5) клиенттің активтерін енгізу, толықтыру және алу тәртібі;
- 6) басқарушының сыйақы алу мөлшері және тәртібі;
- 7) клиенттің активтері есебінен басқарушы жүзеге асыруы мүмкін о п е р а ц и я л а р д ы ң т ү р і ;
- 8) клиенттің активтері инвестицияланатын бағалы қағаздардың түрлері, ті з б е с і ж әне л и м и т т е р і ;
- 9) басқарушының клиентке есептер және осындай есептердің нысандарын беру т ә р т і б і м е н м е р з і м д е р і ;
- 10) инвестициялық декларация (ол бар болса);
- 11) клиенттің активтерін есепке алу және сақтауды жүзеге асыратын кастодиан туралы мәліметтер немесе бағалы қағаздарды немесе өзге активтерді есепке алуды жүзеге асыратын номиналды ұстаушы туралы мәліметтер;
- 12) шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу, шартты бұзу, оның ішінде инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген лицензия тоқтатыла тұрған немесе қайтарылып алынған жағдайда және осы рәсімдерге байланысты, т ә р т і б і м е н т а л а п т а р ы ;
- 13) тараптардың жауапкершіліктері болуы тиіс.

Ескерту: 8-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 298 қаулысымен .

9. Қазақстан Республикасының резиденті емес клиенттің қаржы құралдарының және ақшасының есепке алуы және сақталуы шетелдік есепке алу

ұйымымен жүзеге асырылған жағдайда басқарушы ол туралы уәкілетті органға х а б а р л а й д ы .

Қаржы құралдарын және ақшаны есепке алу және сақтау шартында мыналар б е л г і л е н е д і :

1) басқарушының айына бір реттен кем емес өзінің есепке алу жүйесі деректерінің шетелдік есепке алу ұйымының деректеріне сәйкестігін салыстырып тексеру, шетелдік есепке алу ұйымының резидент емес клиенттердің жеке шоттарынан үзінді көшірмелерін және оның шоты бойынша қаржы құралдарының қозғалысы туралы мәліметтерді ұсыну тәртібі мен мерзімі;

2) басқарушының, уәкілетті органның сұратуы бойынша кез келген уақытта резидент емес клиенті жөнінде, қаржы құралдары және оның шотындағы ақша туралы, сондай-ақ олардың қозғалысы туралы мәліметтерді ұсыну шетелдік есепке алуы ұйымының міндеті.

Ескерту: 9-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 наурыздағы N 69 (мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

10. Инвестициялық декларация (бар болған кезде) шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

11. Инвестициялық декларацияда:

1) клиенттің инвестициялық портфельді және осы портфельдің құрылымын қалыптастыру мақсаты және стратегиясы туралы ақпарат;

2) клиенттің активтері инвестицияланатын бағалы қағаздардың тізбесі;

3) клиенттің бағалы қағаздарын түрлендіру нормалары болуы тиіс.

12. Шарттың қолданылу барысында басқарушы клиентке ақпараттық, талдау және кеңес беру қызметін көрсетуге құқылы. Басқарушы осы қызметтерді көрсету кезінде клиентке бағалы қағаздармен шартқа сәйкес жасалатын мәмілелер бойынша кіріс алуға немесе зиянның жоқ болуына кепілдік беруге құқылы емес.

3-тарау. Портфельді басқару жөніндегі қызметке қойылатын талаптар

13. Басқарушы клиенттің бірінші талап етуі бойынша оған танысу үшін:

1) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясының нотариат куәландырған көшірмесін;

2) осы Ереженің және уәкілетті органның портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру шарттары мен тәртібін белгілейтін өзге нормативтік құқықтық актілерінің көшірмелерін;

3) басқарушы мүшесі болып табылатын өзін-өзі реттейтін ұйым ережесінің көшірмесін ;

4) оның уәкілетті органымен келісілгені туралы белгі қойылған (келісу күні және басқарушы ішкі құжаттардың келісілуін растайтын құжаттың нөмірін көрсете отырып) басқарушының бірінші басшысы немесе оның орнындағы тұлға қол қойған және мөрінің таңбасымен расталған ішкі құжаттардың көшірмесін;

5) соңғы есепті кезең үшін кірістер мен шығындар туралы бухгалтерлік балансты және есепті ;

6) басқарушының пруденциалдық нормативтерді сақтауы туралы мәліметтер;

7) соңғы он екі күн ішінде уәкілетті орган жүргізген басқарушы қызметін тексеру актілерінің көшірмелерін;

8) шарт жасау немесе оның қолданылу барысында клиент үшін мәні бар өзге де құжаттарды (бағалы қағаздар рыногындағы қызметтік немесе коммерциялық құпия бар құжаттарды қоспағанда) ұсынады.

Ескерту: 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 298 қаулысымен .

14. Осы Ереженің 13-тармағында көрсетілген құжаттардың көшірмелерін клиентке бергені үшін басқарушы оларды дайындауға кеткен шығыстардың өлшемінен аспайтын мөлшерде ақы алады.

15. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, басқарушы шартты жасау және қолданылу барысында өзінің клиенті туралы мәліметтердің құпиялылығын, сондай-ақ клиенттен алынған ақпараттың құпиялылығын сақтайды.

16. Шарттың қолданылу мерзімі ішінде басқарушы клиентке:

1) өзінің қаржылық жағдайының нашарлау және пруденциалдық нормативтердің бұзылу фактілері және себептері туралы;

2) басқарушыға және оның қызметкерлеріне уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдар қолданған санкциялар туралы;

3) клиенттің активтері туралы басқарушының есеп жүйесіндегі мәліметтердің не бағалы қағаздар туралы мәліметтердің номиналды ұстаушы ұсынған мәліметтерге не басқарушы мен кастодиан арасында салыстырып тексеру барысында кастодиан берген мәліметтерге сәйкес келмеуі және осы сәйкессіздіктің пайда болу себептері туралы хабарлайды.

Ескерту: 16-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 298 қаулысымен .

17. Осы Ереженің 16-тармағында көзделген хабарламалар жазбаша түрде ресімделеді және көрсетілген жағдайлардың бірі пайда болған күннен бастап үш

жұмыс күні ішінде почта байланысымен, электрондық почтамен немесе шартта не инвестициялық пай қорының ережесінде айқындалған байланыстың өзге де ықтимал түрлерімен клиентке жіберіледі.

Ескерту: 17-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 298 қаулысымен .

18. Портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру барысында клиенттің активтеріне және басқарушының меншікті активтеріне қатысты инвестициялық шешімдерді басқарушының ішкі құжаттарына сәйкес осындай шешімдерді қабылдауға уәкілетті басқарушының қызметкерлері қабылдауға құқылы.

Ескерту: 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004.10.25 N 298, 2008.10.29 N 167 Қаулыларымен.

19. Инвестициялық шешімді қабылдау басқарушының функциясына мынадай шарттарды ескере отырып инвестициялық шешім қабылдау үшін қажетті ақпаратты жинау, өңдеу және талдау кіретін құрылымдық бөлімшесі берген ұсыныс негізінде жүзеге асырылады:

- 1) инвестициялық портфельдің жай-күйі;
- 2) инвестициялау жобаланып отырған бағалы қағаздардың және өзге де активтердің кірістілігі;
- 3) инвестициялау жобаланып отырған бағалы қағаздарға және өзге де активтерге байланысты тәуекелдер;
- 4) шартта және инвестициялық декларацияда белгіленген түрлендіру нормаларын сақтау;
- 5) инвестициялық шешім қабылдауға әсер ететін өзге де факторлар.

Ескерту: 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004.10.25 N 298 , 2008.10.29 N 167 Қаулыларымен.

2 0 . < * >

Ескерту: 20-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2009.09.26 N 209 Қаулысымен.

2 1 . < * >

Ескерту: 21-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2009.09.26 N 209 Қаулысымен.

22. Басқарушы клиенттің инвестициялық портфельдің инвестициялық сапасының тұрақты мониторингін жүзеге асырады және оны басқару

стратегиясын, рұқсат етілген тәуекелдің деңгейін, осы инвестициялық портфельдің кіріспе нормасын және түрлендіруді айқындайды.

23. Егер қандай да болмасын жағдайлардың нәтижесінде клиенттің инвестициялық портфельді шартта және (немесе) инвестициялық декларацияда белгіленген талаптарға сәйкес келуін тоқтатқан жағдайда, басқарушы осындай сәйкес келмеуді ушықтыратын қызметті шұғыл тоқтатады және бір күн ішінде осы сәйкес келмеуді жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қоса бере отырып оның фактісі және себептері туралы уәкілетті органға және клиентке хабарлайды.

Басқарушы клиенттің инвестициялық портфельді сәйкес келмеу басталған күннен бастап он төрт күн ішінде көрсетілген құжаттардың талаптарына сәйкес келтіреді.

24. Басқарушы инвестициялық шешімді бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға қолданылып жүрген лицензиясы болған кезде дербес орындайды.

25. Басқарушы мынадай:

1) клиенттің активтері есебінен оның меншігіндегі бағалы қағаздарды және өзге де активтерді сатып алу;

2) өзінің меншігіне клиенттің активтерін иелігінен алу;

3) оның клиенті болып табылатын тұлғаның мүддесін көрсету жағдайларын қоспағанда, клиенттің активтері есебінен мәміле жасау кезінде оның (олардың) тарабы болып табылатын тұлғаның (тұлғалардың) мүдделерінің өкілі ретінде;

4) клиенттің активтері есебінен басқарушы шығарған бағалы қағаздарды с а т ы п а л у ;

5) клиенттің активтері есебінен қайта ұйымдастыру немесе тарату барысында тұрған эмитенттердің бағалы қағаздарды сатып алуы;

6) клиенттің активтеріне қатысты мәмілелер жасау кезінде төлемді отыз күнтізбелік күннен асатын мерзімге кейінге қалдыру немесе бөліп жасау к ө з д е л е т і н ;

7) клиенттің активтерін өзінің міндеттемелерін немесе өзге тұлғалардың міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етуге салу;

8) клиенттің активтерін үшінші тұлғаны пайда алушы ретінде айқындай отырып сақтауға беру жөніндегі;

9) клиенттің активтерін үшінші тұлғаның пайдасына салымға беру жөніндегі мәмілелерді жүзеге асыруы тиіс емес.

Ескерту: 25-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 298 қаулысымен .

25-1. Инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру және сату жөніндегі бұйрықтарға инвестициялық қордың активтерін есепке алуды қамтамасыз ететін кастодиан бөлімшесінің басшысы қол қояды.

Инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру және сату барысында, егер бұл инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылар тізілімінде мәмілелерді тіркеген кезден бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қағаз тасымалдаушысында пайларды есептен шығару (есепке алу) бойынша мәмілелер жасауға кастодиан келісімін растайтын құжаттардың түпнұсқасын міндетті түрде бере отырып, кастодиандық қызмет көрсету және бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілім жүйесін енгізу жөніндегі шарт талаптарында көзделген жағдайда, факсимильді байланыс құралдарын пайдалануға жол беріледі.

Ескерту: 25-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 12 тамыздағы N 149 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен .

25-2. Инвестициялық қордың активтерін хеджерлеу мақсатында туынды бағалы қағаздармен мәмілелер Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің ұйымдасқан бағалы қағаздар рыноктарында жасалады.

Ескерту: 25-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 298 қаулысымен .

25-3. Басқарушы есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күннен кешіктірмей тоқсан сайын кірістер мен шығындар туралы бухгалтерлік балансты және есепті мемлекеттік және орыс тілінде мерзімді баспасөз басылымдарында және (немесе) Интернет желісіндегі меншікті веб-сайтында жариялайды.

Басқарушының кірістер мен шығындар туралы бухгалтерлік балансын және есебін жариялау үшін он бес мың данадан кем емес тиражбен шығарылатын және Қазақстан Республикасының барлық аумағында таралатын мерзімді баспасөз б а с ы л ы м д а р ы п а й д а л а н а д ы .

Интернет желісіндегі басқарушының веб-сайтында кірістер мен шығындар туралы бухгалтерлік балансты және есепті жариялау үшін осы ақпаратты орналастыру күні және уақыты көрсетіледі. Басқарушының кірістер мен шығындар туралы бухгалтерлік балансы және есебі басқарушының веб-сайтындағы мұрағатта сақталады.

Ескерту: 25-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2008.10.29 N 167 , 2009.03.27. N 59 Қаулыларымен.

4-тарау. Есепке алуды ұйымдастыру

26. Клиенттің активтері басқарушының баланстан тыс шоттарына есепке алу арқылы басқарушының меншікті активтерінен оқшауланады және оларға басқарушының міндеттемелері бойынша өндіріп алу болмауы тиіс.

27. Клиенттің активтерін есепке алу клиентке ашылған шотта басқарушының есепке алу жүйесінде Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп туралы заңдарына, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне және бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту: 27-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 298 қаулысымен .

2 8 . < * >

Ескерту: 28-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 298 қаулысымен .

29. Есепке алу жүйесін жүргізу, клиентке шот ашу және есепке алу жүйесін көкейкесті жағдайда ұстап тұру талаптары мен тәртібі басқарушының ішкі құжаттарында белгіленеді .

Ескерту: 29-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 298 қаулысымен .

30. Басқарушы айына кемінде бір рет өзінің есепке алу жүйесінің деректерін олардың клиенттердің активтерін есепке алуды және сақтауды жүзеге асыратын осы кастодиандағы деректерге және/немесе клиенттің бағалы қағаздарын есепке алуды жүзеге асыратын номиналды ұстаушының деректеріне сәйкес келуін салыстырып тексереді .

Ескерту: 30-тармаққа толықтырулар енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 298 қаулысымен .

31. Басқарушы қызметіне қатысты барлық құжаттарды шынайы және көкейкесті есепке алуды :

- 1) инвестициялық шешімдер қабылдау жөніндегі ұсыныстар;
- 2) инвестициялық шешімдер, олардың орындалуы (орындалмауы);
- 3) клиенттердің активтерімен жасалған мәмілелер, олардың орындалуы (орындалмауы) ;
- 4) инвестициялық шешімдерді орындау мақсатында брокерге берілген құжаттар ;
- 5) бағалы қағаздар бойынша кірістердің түсуі және бөлінуі;

6) клиенттерге берілген есептер;

7) есепке алу жүйелерін олардың кастодиандардың және/немесе номиналды ұстаушылардың деректеріне сәйкес келуін салыстырып тексеру;

8) клиенттердің басқарушыға талап қою және оларды жою жөніндегі іс-шаралар бар өтініштері туралы (жөніндегі) мәліметтер бар журналдарды жүргізу арқылы жүргізеді.

Ескерту: 31-тармаққа толықтырулар енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 298 қаулысымен .

32. Ұсыныстар негізінде олар берілген құжаттармен (материалдармен), инвестициялық шешімдермен және портфельді басқару жөніндегі қызметке қатысты өзге де құжаттармен бірге хронологиялық тәртіппен жеке тіркегіш файлда сақталады.

4-1-тарау. Арнайы қаржы компаниясының жаңа басқарушы агентке берілетін активтерін салыстырып тексеру рәсімін жүргізу тәртібі

Ескерту: 4-1-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 15 сәуірдегі N 97 қаулысымен .

32-1. Арнайы қаржы компаниясының жаңа басқарушы агентке берілетін активтерін салыстырып тексеруді кастодиан-банктің, басқарушы агенттің және арнайы қаржы компаниясының уәкілетті өкілдері жүзеге асырады.

32-2. Жаңа басқарушы агентке берілетін активтерді салыстырып тексеру үшін :

- 1) берілетін активтердің тізбесі;
- 2) салыстырып тексеру актісі;
- 3) берілетін құжаттардың тізбесі жасалады.

Берілетін активтерге салыстырып тексеру сәтіне басқарудағы активтер кіреді.

32-3. Инвестициялық басқарудың барлық кезеңінде жаңа басқарушы агентке берілетін активтерді салыстырып тексеру кезінде:

1) басқарушы агенттің бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын (жүзеге асырған) ұйымдарға арнайы қаржы компаниясының активтері есебінен бағалы қағаздармен мәмілелер жасасуға берген тапсырмаларының көшірмелері;

2) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын (жүзеге асырған) ұйымдардың басқарушы агенттің арнайы қаржы компаниясының активтері есебінен бағалы қағаздармен мәмілелер жасасуға

тапсырмаларын орындауы туралы есептерінің көшірмелері;

3) басқарушы агент арнайы қаржы компаниясының активтері есебінен бағалы қағаздармен өз бетімен мәмілелер жасасқан кезде - мұндай мәмілелердің жасалуын растайтын құжаттардың көшірмелері;

4) инвестициялық шоттан кастодиан-банк берген үзінді жазбалардың көшірмелері;

5) арнайы қаржы компаниясының "депо" қосалқы шотынан "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ берген үзінді жазбалардың көшірмелері;

6) арнайы қаржы компаниясының берілетін активтерін салыстырып тексеру күніне арнайы қаржы компаниясының активтері есебінен екінші деңгейдегі банктермен жасалған қолданыстағы банктік салым шарттарының түпнұсқалары;

7) мерзімі арнайы қаржы компаниясының берілетін активтерін салыстырып тексеру күніне өтіп кеткен арнайы қаржы компаниясының активтері есебінен екінші деңгейдегі банктермен жасалған банктік салым шарттарының көшірмелері;

8) басқарушы агенттің арнайы қаржы компаниясының активтерін инвестициялық басқаруға қатысты өзге құжаттар беріледі.

32-4. Салыстырып тексеру қорытындылары бойынша салыстырып тексеру актісі жасалады әрі онда:

1) бағалы қағаздардың ұлттық бірегейлендіру нөмірлерін көрсете отырып олардың саны (данамен) туралы;

2) депонент-банктердің атауын, салым сомаларын, банктік салым шартының жасалу күні мен оның нөмірін, салым мерзімін, сыйақы ставкаларын көрсете отырып екінші деңгейдегі банктердегі салымдар туралы;

3) инвестициялық шоттардағы теңгемен және шетел валютасында ақша қозғалысы туралы;

4) қаржы құралдарының сатып алу құны туралы;

5) инвестициялардың ағымдағы құны туралы;

6) әрбір қаржы құралы бойынша есептелген және алынған инвестициялық кірістің сомасы туралы;

7) комиссиялық сыйақы сомасы туралы;

8) инвестициялық шоттардағы ақша қалдығы туралы;

9) инвестициялық қызметке қатысты берілетін құжаттардың түпнұсқалары туралы ақпарат;

10) инвестициялық қызметке қатысты өзге де мәліметтер болады.

32-5. Салыстырып тексеру актісі:

1) бір данадан арнайы қаржы компаниясы, жаңа басқарушы агент, басқарушы агент, кастодиан-банк, уәкілетті орган үшін бес дана етіп инвестициялық портфельді басқару шартын бұзу күніне жасалады;

2) арнайы қаржы компаниясының, басқарушы агенттің және жаңа басқарушы агенттің бірінші басшылары мен бас бухгалтерлері қол қояды;

3) арнайы қаржы компаниясының, басқарушы агенттің және жаңа басқарушы агенттің мөрімен бекітіледі;

4) кастодиан-банктің оның бірінші басшысының немесе арнайы қаржы компаниясының активтеріне кастодиандық қызмет көрсететін бөлімшеге жетекшілік ететін басшы қызметкерінің қолымен және кастодиан-банктің мөрімен бекітілген салыстырып тексеру актісі деректерінің дұрыстығы туралы белгісі болуы тиіс.

32-6. Осы Ереженің 32-4 және 32-5 тармақтарының шарттарына сәйкес ресімделген салыстырып тексеру актісінің нұсқасы оған қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға ұсынылады.

5-тарау. Қорытынды ережелер

33. Осы ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешіледі.